



## **Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 10 маусымдағы N 337 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 4 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5278 болып енгізілді.

"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306 Заңын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 25 қыркүйектегі N 268-ө өкімін орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесі бекітілсін.
2. Орта білім департаменті (М. Санатова) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2008 жылғы 10 маусымдағы  
N 337 бұйрығымен бекітілген

## **Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында әзірленді және ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан (бұдан әрі - ойыншықтар сараптамасы) өткізу тәртібін анықтайды.

2. Ойыншықтар сараптамасы балаларға арналған ойыншықтар қауіпсіздігінің психологиялық-педагогикалық өлшемдеріне сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ балалардың адамгершілік-эмоционалдық саулығын сақтау мақсатында өткізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орта білім департаменті (бұдан әрі - уәкілетті орган) ойыншықтар сараптамасын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етуді жүзеге асырады және ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу жұмысын үйлестіреді.

## **2. Ойыншықтар сараптамасын өткізу тәртібі**

4. Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттері ойыншықтарды сараптамадан өткізу жөніндегі Сараптамалық кеңесті (бұдан әрі - Сараптамалық кеңес) құру және жүргізу жұмыстарын ұйымдастырады.

5. Сараптамалық кеңестің құрамы облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерімен бекітіледі.

6. Сараптамалық кеңес құрамына білікті мамандар: педагогтар, психологтар, дизайнерлер, суретшілер (бұдан әрі - сарапшылар) кіреді.

7. Сараптамалық кеңестің негізгі міндеттері:

1) ойыншықтарға сараптама жүргізу;

2) Ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздік талаптарын бағалау өлшемдері (1-қосымша) негізінде қорытынды шығару.

8. Ойыншықтарды Қазақстан Республикасының рыногында орналастыратын тұлғалар (бұдан әрі - өтініш беруші) оларды Сараптама кеңесінің қарауына ұсынады.

9. Ойыншықтарға сараптама өткізу үшін өтініш беруші мемлекеттік және орыс тілдерінде Департаменттерге:

1) өтінішті (2-қосымша);

2) "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңындағы 7-баптың 4-тармағында қарастырылған ақпараттар бар екі дана ойыншық үлгісін (макет, модель);

3) 15x20 көлеміндегі ойыншық үлгісінің (макет, модель) түрлі-түсті суретін;

4) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысын ұсынады.

10. Ережедегі 9-тармақта көрсетілген барлық материалдар бар болған жағдайда ойыншықтарды сараптамадан өткізуге өтініш берушілердің өтініштері Департаменттердің Тіркеу журналында (3-қосымша) тіркеледі.

11. Сараптама сарапшыларға осы ереженің 9-тармағында көрсетілген материалдарды ұсынған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде өткізіледі.

12. Сараптаманы өткізу үшін қосымша материалдар мен ақпаратты зерделеу қажет болған кезде сараптаманы өткізу мерзімі отыз күнтізбелік күнге дейін ұзартылады.

13. Сарапшылар ойыншықтарды сараптамадан өткізу бойынша ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) жөнінде қорытынды береді. Қорытынды мотивті, объективті толық негізделуі тиіс (4-қосымша).

14. Қорытындыда көрсетілуі тиіс:

- 1) сараптама өткізетін Департаменттің атауы;
- 2) заңды тұлғалар үшін - өтініш берушінің атауы және мекен-жайы;
- 3) жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат мәліметтері (сериясы, нөмірі, қашан және кім берген), өтініш берушінің заңды мекен-жайы.
- 4) ойыншықтың атауы;
- 5) дайындаушының атауы;
- 6) ойыншық арналған баланың жасы, оның қолданылу аясы;
- 7) ойыншықтар қауіпсіздігінің психологиялық-педагогикалық өлшемдеріне сәйкес (сәйкес емес) дәрежесінің сапалы бағасы;
- 8) қорытынды берілген күні және тіркелген нөмірі;
- 9) қорытындының іске асу мерзімі;
- 10) Сараптама кеңесі төрағасының қолы.

15. Қорытынды үш жылға жарамды.

16. Өткізілуде жатқан ойыншықтарда қауіпті психологиялық-педагогикалық факторлардың бар екендігі анықталған жағдайда уәкілетті орган олар туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

17. Дайындаушы және (немесе) өтініш беруші жарамсыз деп танылған сараптама қорытындысының мәселелері бойынша қорытынды алған күннен бастап бір ай мерзімінде жетіспеушіліктерді жойып, қайта сараптама өткізу үшін Департаменттерге жүгінуге болады.

Жазбаша сұранысқа жауап өтініш берушіге 30 күнтізбелік күн мерзім өткенге дейін жіберіледі.

Ойыншықтарды  
психологиялық-педагогикалық  
сараптамадан өткізу  
ережесіне 1 - қосымша

## Ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздік талаптарын бағалау өлшемдері

1-сызба - Ойыншық қызметін іске асыру дәрежесін бағалауға арналған шкала

1. Ойыншықтың дамытушылық қызметі		Бағалау белгісі		
№	Өлшемдер мазмұны	1-өлшем-ге толығымен сәйкес емес	2-өлшем-ге	3-өлшем-ге толығымен сәйкес
			жар-тылай сәй-кес	

1.1	<b>Баланың іс-әрекетіне сәйкес зат болуының әлеуеттік мүмкіндігі</b> (көлемі, техникалық сапасы, заттың нақты келбетке сай болуы және т.б. с.с.)			
1.2	<b>Баланың ынтасы мен қажеттілігіне сай болуы</b> (қызықтырғыштығы мен жағымдылығы)			
1.3	<b>Баланың қабілеттерін дамыту үшін пайдаланудың түрлі қызметтілігі</b> (Ойыншықтың баланың түпкі ойына, әртүрлі қызметтегі ойын бейнесіне икемді қолдану мүмкіндігі)			
1.4	<b>Өз бетімен</b> (үлкендердің көмегінсіз) <b>пайдалану мүмкіндігі</b> (Ойыншық балада өзіндік хабардарлығын және дербестігін сезінуге мүмкіндік береді)			
1.5	<b>Біріккен әрекетте пайдалану мүмкіндігі</b> (Ойыншықты іс-әрекеттің ұжымдық түріне және біріккен әрекеттерге қолдануға болады)			
1.6	<b>Дидактикалық құндылығы</b> (2-сызбаны қараңыз) (Ойыншық баланы дамыту және оқыту құралы ретінде пайдаланылады)			
1.7	<b>Әлеуметтік және психологиялық құндылығы</b>			
1.8	<b>Ойыншықтың сыртқы түрінің әсемдігі және ойыншықтың құрылымында, ойнау логикасында және оның сипаттамасында қателіктің болмауы</b>			
1.9	<b>Халықтың мәдени салттарымен байланысы</b>			
1.10	<b>Бірегейлігі</b>			
1.11.	<b>Бейімділігі</b> (ойыншық жан-жақты және балалардың жеке қасиеттеріне тәуелсіз әр түрлі мүмкіншіліктері мен қабілеттері үшін ашық)			
<b>2. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі</b>				
		<b>Бағалау белгісі</b>		
		0 - өлшем-		

N	Өлшемдер мазмұны	дердің болуы	1 - өлшемдердің жоқтығы
2.1	Баланы агрессивтік әрекетке аздыру		
2.2	Бейнелі ойыншықтың немесе ойындағы серіктерінің (кұрбылары, үлкендер) рөлдеріне, ойын кейіпкерлеріне деген балалардың қатыгездігін тудыруы		
2.3	Өнегесіздікпен және жәбір көрсетумен байланысты ойын сюжеттерін азғыру		
2.4	Баланың жас шамасы құзыретінен асатын жеңсік құмарлыққа қызығушылығын өршіту		
2.5	Нәсілдік ерекшеліктеріне және басқа адамдардың физикалық кемшіліктеріне жағымсыз немесе менсінбейтін қарым-қатынасын арандату		
2.6	Үлкендердің құмар ойындарына деген қызығушылығын қоздыру		

## 2-сызба - Ойыншықтың дидактикалық құндылығының негізгі бағыттарын анықтау

Белгісі	Белгінің мәні				
Физикалық дамуы	Кіші моторика мен қол бұлшық етін дамыту	Негізгі қимыл түрлерін дамыту	Физикалық қасиеттерінің дамуы (ептілік, т.б.)	Салауатты өмір салты жайында білімін қалыптастыру	т.б.с.с.
Сенсорлық дамуы	Түстерді бағдарлай алуы	Тактильді сипатта - маларда бағдары болуы	Формаларда бағдары болуы	Уақыт пен кеңістік жайында түсінігінің болуы	т.б.с.с.
Қоршаған ортамен танысуы	Табиғатпен танысуы	Ересек адамдардың еңбегімен танысуы	Математикалық білімі	Сауат ашудан білімі	т.б.с.с.
Өнегелік тәрбие мен	Эмоционалды саласын қалыптас-	Зейіннің, есте сақ-	Қарым-қатынас мәдениеті дағ-	Адамгерші-	

интеллектуалдық дамуы	тыру, негізгі психикалық процестерін дамытуы	таудың, елестетудің дамуы	дыларын жүріс-тұрыс нормалары мен ережесін қалыптастырылуы	лік қасиеттерінің дамуы	т.б.с.с.
Эстетикалық дамуы	Талғамның дамуы	Көркемдік қабылдауының дамуы	Жақсы эмоциялардың қалыптастырылуы	Шығармашылық қабылдауының дамуы	т.б.с.с.

### Ескерту:

- "Ойыншықтың дамытушылық қызметі" тобының бір ғана қасиеті ойыншыққа тән болса, онда ол білім беру құндылығына ие болады;

- "Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" тобының бір ғана қасиеті ойыншыққа тән болса, онда бұл ойыншық берілген талаптарға сәйкес келмейтіндігін анықтайды.

Ойыншықтарды талдау интегралдық бағалау әдісімен жүргізіледі

Интегралдық баға (ИБ) алу үшін келесі балдық бағалау жүйесі және мынадай есептеу формуласы қолданылады:

ИБ = N бойынша  $(A1 * A2 * ...A5 * (K1 + K4) E/N$ , осындағы А - "Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" тобының белгілеріне сәйкес сарапшылардың қойған жеке бағасы;

К - "Ойыншықтардың дамытушылық қызметі" тобының белгілеріне сәйкес қойған сарапшылардың жеке бағалары;

N - сараптамаға қатысқан сарапшылардың саны;

E - сарапшылар қойған жеке бағалардың қосындысы.

"Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі" тобының белгілеріне сәйкес ойыншыққа 0 немесе 1 балл қойылады, сондықтан А коэффициенті 0 немесе 1 мәніне ие болады.

"Ойыншықтың дамытушылық қызметі" тобының белгілеріне сәйкес ойыншық 1-ден 3-ке дейінгі балмен бағаланады, сондықтан К коэффициенті 1-ден 3-ке дейінгі мәнге ие болады (1 - бұл жағынан сапасы аз көрінеді, "3" бұл жағынан сапасы барынша айқын көрінеді).

ИБ мәні "0"-ге тең болса, ойыншықтың өлшемдерге толығымен сәйкес емес (егер 1-топтың бір өлшемі тобына "0" балл қойылса, ИБ "0" болып бағаланады).

ИБ 10-нан 50-ге дейін балл алса, ойыншық критерийлерге сәйкес болғаны. Баға неғұрлым жоғары болса, ойыншық соғырлым сапалы екенін айқындайды.

с араптама өткізуші ұйымның атауы

**ӨТІНШІ**

ойыншық (макет, модель) үлгінің.,

дайындаушының мекен-жайы көрсетілген толық атауы және

дайындалған күні

өтініш берушінің мекен-жайы көрсетілген толық атауы

психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізуді сұраймын.

Дайындаушы және (немесе) өтініш беруші

Қосымшасы:

1) "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңындағы 7-баптың 4-тармағында қарастырылған ақпараттар бар екі дана ойыншық үлгісі (макет, модель);

2) 15x20 көлеміндегі ойыншық үлгісінің (макет, модель) түрлі-түсті суреті;

3) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы.

Өтініш берушінің (аты-жөні) қолы

Мерзімі

Ойыншықтарды  
психологиялық-педагогикалық  
сараптамадан өткізу  
ережесіне 3-қосымша

**Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық  
сараптамадан өткізуге берілген өтініштер мен  
қорытындыларды тіркеу**

ЖУРНАЛЫ

Өтініш берушіден	Дайындау-	Өтініш	Ойыншық (макет, модель)	Қорытындының тіркелу нөмірі және	Өтініш берушінің қорытынды

N	өтініштің түскен күні	шы	беруші	үлгісінің атауы	мерзімі (4-қосымшада)	алған мерзімі, аты-жөні, қолы

Ойыншық үлгісінің (макет, модель)

психологиялық-педагогикалық өлшемдерге сәйкестігі туралы

20\_\_ жылғы қорытындылары жөнінде

**МӘЛІМЕТ**

N p/c	Қорытындының тіркелу нөмірі және мерзімі	Ойыншық үлгісінің (макет, модель) аталымы	Өтініш беруші	Қорытындының қолданыстағы мерзімі	Ойыншықтың функционалдық мақсаты немесе қолданылу аясы	Ескерту

Ойыншықтарды  
психологиялық-педагогикалық  
сараптамадан өткізу  
ережесіне 4-қосымша

**ҚОРЫТЫНДЫ**

200\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Тіркеу N \_\_\_\_\_

*өтініш берушінің атауы мен мекен-жайы қорытынды берілді.*

*(өтініш берушінің аты-жөні, төлқұжат мәліметтері, заңды мекен-жайы*

*(сериясы, нөмірі, қашан және кім берді))*

Қорытынды \_\_\_\_\_

*ойыншықтың атауы, дайындаушы, қанша жастағы балаларға*

*арналғаны, қолданылу аясы психологиялық-педагогикалық өлшемдеріне сәйкес келеді (келмейді)*

*деп куәландырады.*



Қорытынды күші мерзімі \_\_\_\_\_

м.о. \_\_\_\_\_

*сараптама төрағасының (төрайымының) аты-жөні және қолы*

Қорытынды күші мерзімі 20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейін ұзартылды.

м.о. төрағаның (төрайымның) қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ